

## Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының сыртқы аудитін жүргізу туралы шарт туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1390 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының сыртқы аудитін жүргізу туралы шарттың жобасы (бұдан әрі - Шарт) мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Ерболат Асқарбекұлы Досаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Шартқа қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

3 1

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N

1 3 9 0

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

## Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының

## сыртқы аудитін жүргізу туралы

## N\_\_\_Шарт

Астана қаласы                      200\_\_\_жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Бұдан әрі "Тапсырысшы" деп аталатын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 қыркүйектегі N 962 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы ереженің негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан әрекет ететін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір тараптан және бұдан әрі "Аудитор" деп аталатын, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатын тәуелсіз аудиторды таңдау жөніндегі конкурс комиссиясының шешімімен жеңімпаз деп танылған, 2003 жылғы 4 желтоқсандағы сенімхат негізінде әрекет ететін "Эрнст энд Янг Қазақстан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - "Эрнст энд Янг Қазақстан" ЖШС) Әріптес, компанияның тиісінше уәкілеттік берілген өкілі Ахмед Абу Шаркх екінші тараптан, мына төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

### 1. Шарттың мәні

1.1. Аудитор Аудит жөніндегі Халықаралық және Қазақстандық Стандарттарға сәйкес Қорды басқаруға байланысты шығыстарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі - Қор) 2003 жылғы және 2004 жылғы жылдық қаржылық есептілігінің аудитін жүргізеді. Сыртқы аудиттің мақсаттары мен міндеттері Қордың қаржылық активтерін инвестициялаудың тиімділігі, ресурстардың өнімді пайдаланылуы, активтердің сақталуы және қаржы жылының аяғындағы жағдай бойында қойылған мақсаттарға жетуі туралы Қордың қаржылық есептілігінде көрсетілген алынған қаражат пен шығыстар туралы Аудитордың кәсіби түсіндірме жасауынан тұрады.

Мыналар аудиттен өткізуге жатады:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оларды пайдалану туралы есеп;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және оны пайдалану туралы жылдық есеп;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес берілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық қорды сенімгерлік басқару нәтижелері туралы жылдық есебі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық қорды сенімгерлік басқару жөніндегі қаржылық есептілігі;

4) Қорды басқару жөніндегі өзге де деректер.

Аудиторлық тексеріс:

қаржылық есептілікте қамтылатын соманы және өзге де ақпаратты растайтын деректерді іріктеп тестілеуді;

бухгалтерлік есептің қағидаттарын және Тапсырысшының басшылығы жасаған негізгі кемшіліктерді, сондай-ақ қаржылық есептілікті берудің жалпы нысанын бағалауды қамтиды.

Аудит жүргізген кезде мынадай мәселелерге:

1) бастапқы инвестициялық капиталдың сақталуына;

2) ұзақ мерзімді перспективада активтер табыстылығының жоғары деңгейін қамтамасыз етуге;

3) активтердің өтімділігін қамтамасыз етуге;

4) активтердің нарықтық құнын өзгерту тәуекелін басқаруға;

5) Қорды басқарудың тиімділігіне;

6) Қордың тұрақтандыру және жинақ портфельдерінің құрамына;

7) портфельдің нарықтық құнының айырбас бағамының өзгеруіне тәуелсіздігін қамтамасыз етуге;

8) сыртқы басқарушылар қызметінің тиімділігіне;

9) іріктеп алынған кастодиандардың жұмысын бағалауға;

10) құрылымдық өнімдерді пайдаланудың тиімділігіне;

11) Қордың орташа айлық нарықтық құнын есептеудің және сенімгерлік басқаруға

аударымдардың дұрыстығын тексеруге;

12) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қорды сенімгерлік басқару жөніндегі қызметін басқа елдердің ұқсас қорларының қызметімен салыстырмалы талдауға ерекше назар аудару қажет.

1.2. Аудитор Тапсырысшыға аудиттелген құжаттамаға негізделген, қарапайым аудитті орындау процесінде белгіленетін бухгалтерлік есеп, инвестициялық операцияларды жүзеге асыру, ішкі бақылау тетіктері бойынша кез келген материалдық кемшіліктерді және өзге де жұмыс нәтижелері мен ұсынымдарды көрсететін хат дайындайды. Бұл хат ішкі бақылаудың бүкіл құрылымының, оның тиімділігінің және операциялардың толық тәуелсіз бағалануын білдірмейді.

Қордың қаржылық есептілігі бойынша ескертулерді немесе теріс пікірді қамтитын Аудитордың қорытындысы оны осы Шарттың 2.2. және 4.1 - 4.3-тармақтарынан туындайтын міндеттемелерден босатпайды.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

### 2.1. Тапсырысшының:

Аудитордан аудит жүргізуге қатысты заңнаманың талаптары туралы толымды ақпаратты алуға;

Аудитордың ескертулері мен қорытындылары негізделетін нормативтік құқықтық кесімдермен танысуға;

осы Шарттың ережелеріне сәйкес Аудитордың міндеттемелерді орындауын талап етуге;

Аудитор Шарттың ережелерін бұзған немесе орындамаған жағдайда, Шартты орындаудан бір жақты тәртіппен бас тартуға;

Аудитордың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырысшыда туындаған залалдардың орнын толтыруды Аудитордан талап етуге құқығы бар.

### 2.2. Тапсырысшы:

Аудитор қызметкерлерінің осы Шартты іске асыруы процесі барысында олардың жұмысы үшін қолайлы жағдайлар жасауға;

қажетті ақпарат пен құжаттаманы уақтылы және толық көлемде беруге; аудитке жататын мәселелер шеңберін шектеу мақсатында аудитордың қызметіне араласпауға;

Қорда іс жүзіндегі, ықтимал немесе танымал сот қуынымдары, наразылықтары, өзге де талаптары немесе ықтимал міндеттемелері болған кезде осы мәселелер туралы аудиторға толық ақпарат беруге. Осындай мәселелер болған кезде және жәрдем көрсету, консультация беру немесе осы мәселелерде Қорды қорғау үшін Тапсырысшы кәсіби

заңгерлерді тартқан жағдайда, Аудитордың өтінуі бойынша немесе өз бастамасы бойынша Тапсырысшы көрсетілген сот қуынымдарына, наразылықтарға, талаптарға немесе ықтимал міндеттемелерге қатысты жазбаша түсіндірулерді тікелей Аудиторға ұсынуын сұрай отырып, осындай заңгерлерге тиісті хаттар жібереді, сондай-ақ осындай міндеттемелердің сомасын және олардың жағымсыз нәтижелерінің болуын бағалайды.

Аудиторға Қордың қаржылық есептілігін және бастапқы ведомостарын және талдамалы деректерін беруге немесе Аудитордың сұрауы бойынша жеке келісілген мерзімдерде оларға қол жетімділікті қамтамасыз етуге;

Аудитор банктермен, тапсырысшылармен, жеткізіп берушілермен есеп айырысулар бойынша кейбір қалдықтардың тәуелсіз растамасын алу қажет деп есептесе, Аудиторға осыған байланысты кез келген хат-хабарды көшіруге, басып шығаруға, дайындауға және жіберуге жәрдем көрсетуге;

осы Шарттың 4.3-тармағында көрсетілген мерзімдерде Аудитор ұсынған шоттың негізінде аудитор көрсеткен қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асыруға міндеттенеді.

### 2.3. Аудитор мен оның қызметкерлерінің:

"Эрнст энд Янг Қазақстан" ЖШС компаниясы аудиторлық әдістемесінің және Халықаралық Бухгалтерлер Федерациясы шығарған Халықаралық аудит жөніндегі стандарттардың шеңберінде аудитті жүргізу әдістерін дербес анықтауға;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде шарттық негізде аудит жүргізуге қатысуға түрлі бейіндегі мамандарды тартуға;

Қор бойынша оның қаржылық қызметі туралы құжаттаманы, ақша сомаларының, бағалы қағаздарының бар-жоғын толық көлемде тексеруге, туындаған мәселелер жөнінде түсіндірулер және аудиторлық тексеру үшін қажетті қосымша мәліметтер алуға;

жоғарыда айтылғанға жатқызылатын және атап айтқанда, қаржылық есепке алу тіркелімдерін және оларға қатысты деректерді, басшы және бақылау органдары отырыстарының хаттамаларын, салық тексерістерінің нәтижелері туралы кесімдерді, шарттар мен несие келісімдерін, капиталға қатысты нотариалдық кесімдер мен құжаттарды қамтитын құжаттарды алуға және тексеруге құқығы бар. Аудитор кейбір жағдайларда Тапсырысшымен келісім бойынша өзінің мұрағатына кіргізу үшін осындай құжаттардың көшірмелерін жасайтын болады.

### 2.4. Аудитор мен оның қызметкерлері:

Аудиттің Халықаралық және Қазақстандық Стандарттарына сәйкес Қорды басқару жөніндегі шығыстарды қоса алғанда, 2003 жылғы және 2004 жылғы Қордың жылдық қаржылық есептілігінің аудитін жүргізуге;

аудитті жүргізу кезінде Аудиттің Халықаралық және Қазақстандық стандарттары талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге;

аудит барысында алынған және жасалған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген жағдайларды

қоспағанда, Қордың келісімінсіз олардың мазмұнын жария етпеуге;  
аудит нәтижелерінің, сондай-ақ аудит жүргізген кезде алынған және коммерциялық немесе заңнамамен қорғалатын өзге құпияның мәнін құрайтын мәліметтердің құпиялығын сақтауға;

осы Шарттың 3.5-тармағында көрсетілген мерзімде Бухгалтерлік Есептің Қазақстандық Стандарттары мен Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттары бойынша қаржылық есептіліктің әрі аудиторлық есептің жобаларын және Бухгалтерлік Есептің Қазақстандық Стандарттары мен Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттары бойынша финалдық қаржылық есептілікті әрі аудиторлық есепті ұсынуға міндеттенеді.

### **3. Жұмыстардың орындалуы**

3.1. Бухгалтерлік есепті жүргізу әрі Қазақстандық және Халықаралық бухгалтерлік Есептілікті жасау жауапкершілігі қазақстандық заңнаманың талаптарына сәйкес Қорды сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жүктеледі. Бұл есепке алу тіркелімдерін тиісті түрде жүргізуді, операциялардың, есеп және есептіліктің қазақстандық заңнаманың талаптарына сәйкес келуін, ішкі бақылау шараларын белгілеуді және ұстануды, есеп саясатын дәйекті қолдануды және Қор қаражатының сақталуын қамтамасыз етуді қамтиды.

3.2. Қазақстандық және Халықаралық Бухгалтерлік Есептіліктің Аудитін Аудиттің Халықаралық және Қазақстандық Стандарттарына сәйкес Аудитор жүргізеді, бұл ретте жекелеген шоттар, шоттардың топтары мен операциялар және тұтастай алғанда бухгалтерлік есеп бойынша елеулі және жіберілуі мүмкін қате қағидатын қоса алғанда "Эрнст энд Янг Қазақстан" ЖШС компаниясының аудиторлық әдісі қолданылатын болады.

3.3. Аудитті жүргізу процесінің ерекшелігіне байланысты аудитор Бухгалтерлік Есептің Қазақстандық Стандарттарына және Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттарына сәйкес дайындалған аудиттелген қаржылық есептілікте, егер ақпарат жасырылып қалса немесе Аудитордың билігіне берілмесе, бұл аудиттің әдеттегі барысында мұндай қателерді табуға мүмкіндік бермесе, елеулі қателердің болмауына кепілдік бермейді. Барлық табылған елеулі қателер және Бухгалтерлік Есептің Қазақстандық Стандарттарына және Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттарына сәйкес дайындалған қаржылық есептілік бойынша аудиторлық қорытындыға жататын өзге елеулі мәселелер Қорды басқару жөніндегі кеңеске жеткізілетін болады.

3.4. Аудитор өз жұмысын Қордың бастапқы құжаттарының негізінде жүзеге асырады және оның анықтығы мен растығы үшін сондай-ақ Тапсырысшы ұсынған басқа ақпараттың анықтығы үшін жауапты болмайды. Тапсырысшы Аудиторға аудит

барысында ол аудиторға берген барлық ақпараттың анық болғанына және бухгалтерлік есептілікте көрініс тапқанына жазбаша растама жібереді. Осы Шартты іске асыру процесінде Аудитордың қызметшілері дайындайтын барлық жұмыс құжаттары (есептеулер, сондай-ақ аудиторлық қорытындыны дайындау кезінде пайдаланылатын өзге де ішкі құжаттар) Аудитордың меншігі болып табылады. Қажет болған жағдайда бұл құжаттардың көшірмелері Аудитордың шешімі бойынша Тапсырысшыға берілуі мүмкін.

3.5. Қаржылық есептілік пен аудиторлық есепті беру мерзімдері:  
2 0 0 3 ж ы л ү ш і н :

2004 жылғы 25 ақпан - Аудитордың Бухгалтерлік Есептің Қазақстандық Стандарттары және Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттары бойынша қаржылық есептіліктің және аудиторлық есептің жобаларын Тапсырысшыға ұсынуы.

2004 жылғы 01 наурыз - Аудитордың Бухгалтерлік Есептің Қазақстандық Стандарттары және Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттары бойынша финалдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті Тапсырысшыға ұсынуы.

2 0 0 4 ж ы л ү ш і н :

2005 жылғы 25 ақпан - Аудитордың Бухгалтерлік Есептің Қазақстандық Стандарттары және Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттары бойынша қаржылық есептіліктің және аудиторлық есептің жобаларын Тапсырысшыға ұсынуы.

2005 жылғы 01 наурыз - Аудитордың Бухгалтерлік Есептің Қазақстандық Стандарттары және Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттары бойынша финалдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті Тапсырысшыға ұсынуы.

#### **4. Шарт бойынша есеп айырысулар**

4.1. Аудитор көрсететін қызметтердің құны Аудитордың қызметкерлері іс жүзінде жұмсаған уақыты мен олардың ставкаларына негізделеді.

Қызметтердің құнына Тапсырысшыға қызметтер көрсетуге байланысты Аудитордың телефон, почта, телекс және факсимильдік байланыс жөніндегі үстеме шығыстары кіргізілмейді. Ұсынылған шоттың жалпы сомасына қолданылып жүрген ставка бойынша ҚҚС және Тапсырысшы тексерген есептеулер бойынша үстеме шығыстар қосылатын болады.

4.2. Осы Шарттың 1-бабында көрсетілген аудитордың қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі бюджет мынадай мөлшерде келісілді:

|         |       |     |       |       |            |
|---------|-------|-----|-------|-------|------------|
| 2 0 0 3 | ж ы л | 1 1 | 1 5 9 | 2 0 0 | т ең г е ; |
| 2 0 0 4 | ж ы л | 1 2 | 5 9 4 | 8 0 0 | т ең г е . |

Салық заңнамасы өзгерген жағдайда осы өзгерістерге сәйкес ставкалар мен салық түрлері қолданылатын болады.

4.3. Тараптар арасындағы есеп айырысулар жыл сайын Аудитор ұсынған шоттың

негізінде ол ұсынылғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Ақы төлеу Қордың қаражаты есебінен жүргізіледі.

## **5. Жұмыстарды тапсыру-қабылдап алу тәртібі**

5.1. Жұмыстар аяқталғаннан кейін Аудитор Тапсырысшыға жұмыстарды тапсыру-қабылдап алу актісін ұсынады.

5.2. Тапсырысшы Бухгалтерлік Есептің Қазақстандық Стандарттары және Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттары бойынша қаржылық есептіліктің және аудиторлық есептің жобаларын қарауға әрі қарсылық болмаған жағдайда, жұмыстарды тапсыру-қабылдап алу актісіне қол қоюға және қол қойылған актіні немесе жұмыстарды қабылдаудан дәлелді бас тартуын Аудиторға жіберуге міндеттенеді.

5.3. Тапсырысшы дәлелді бас тартқан жағдайда, тараптар қажетті пысықтаулар мен оларды орындау мерзімдерінің тізбесімен екі жақты акт жасайды.

5.4. Тараптар жұмыстарды тапсыру-қабылдап алу актісіне қол қойғаннан кейін Аудитор Тапсырысшыға көрсетілген қызметтер үшін шот ұсынады.

## **6. Тараптардың жауапкершілігі**

6.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

6.2. Тараптар Шарт бойынша жауапкершіліктен өзара келісім бойынша толық немесе ішінара босатылуы мүмкін.

6.3. Аудитордың осы жобаны орындау нәтижесінде немесе соған байланысты шарт міндеттемелерін немесе кәсіби стандарттарын кез келген бұзуға қатысты жиынтық жауапкершілігі осы жобаны орындау нәтижесінде немесе соған байланысты Тапсырысшының кез келген талап-тілектерін (пайыздарды, адвокаттардың қаламақыларын және шығыстарды қоса алғанда) жабу үшін осы жоба бойынша Тапсырысшы іс жүзінде төлеген соманың 200%-ы шектелетін болады.

## **7. Форс-мажор**

7.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерінің ішінара немесе толық орындалмағаны үшін, егер ол тежеусіз күш, яғни осы жағдайларда төтенше және шарасыздық жағдайлардың салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады.

Осы Шарттың шеңберінде тежеусіз күш деп мыналар танылады: табиғи, дүлей апаттар (өрт, су тасқыны, жер сілкінісі және т.б.); қоғамдық өмірдегі төтенше жағдайлар (әскери іс-қимылдар, індеттер, ереуілдер

ж ә н е

т . б . ) ;

мемлекеттік органдардың тыйым салушы кесімдері;  
сондай-ақ тараптардың бақылауынан тыс өзге де күтпеген жағдайлар.

7.2. Тежеусіз күш жағдайларының әрекетіне ұшыраған және соның салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға дәрменсіз болып шыққан тарап осындай жағдайлар басталған сәттен бастап үш күннен кешіктірмей бұл туралы басқа тарапты жазбаша хабардар етуге міндетті. Тежеусіз күш жағдайлары туралы уақтылы хабарламау тарапты ақталу ретінде оларға сүйену құқығынан айырады.

7.3. Егер Шарттың 7.1-тармағында көрсетілген жағдайлар екі айдан артық жалғасатын болса, тараптардың әрқайсысы Шартты толық немесе ішінара бұзуға құқылы. Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда Тапсырысшы Аудиторға 4.1-тармақта көрсетілген рәсімге сәйкес іс жүзінде жасалған жұмысқа ақы төлеуге міндеттенеді.

## **8. Дауларды шешу**

8.1. Осы Шарттың ережелерінен даулар немесе келіспеушіліктер туындаған жағдайда, бастамашы Тарап жазбаша түрде басқа тарапты даудың немесе келіспеушіліктің мәні туралы хабардар етуі тиіс.

8.2. Тараптар дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық қажетті ш а р л а р д ы қ а б ы л д а й д ы .

8.3. Туындаған дауларды немесе келіспеушіліктерді келіссөздер жолымен Тараптардың реттеуі мүмкін емес болған кезде, даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа беріледі.

## **9. Шартты қолданылу мерзімі**

9.1. Шарт аудитор Шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде оған тараптар қол қойғаннан кейін 1 187 700 теңгеге тең соманы толық енгізген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен орындағанға дейін қолданылады.

## **10. Өзге жағдайлар**

10.1. Тапсырысшы мен Аудитор Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты құпиялылықты сақтауға міндеттенеді. Құпия болып табылатын ақпарат пен құжаттаманың тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

10.2. Осы жобаны орындауға байланысты аудиторға ұсынылған немесе ол алған құпия ақпарат ауызша да, жазбаша да нысанда үшінші тараптарға жария етілмейді. Осы



ақпаратты ашу Тапсырысшының оған алдын ала келісімін алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

10.3. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша нысанда жасалған және оларға екі тарап та қол қойған жағдайда жарамды. Тиісті түрде ресімделген өзгерістер мен толықтырулар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

10.4. Тапсырысшы аудиторлық қорытындыны және/немесе теңгерімді, қаржылық нәтижелер және олардың пайдаланылуы туралы есепті және оларға ескертулерді аударманың дәлдігіне қатысты Аудитормен кеңеспей, көрсетілген құжаттар ұсынылатын тілден кез келген басқа тілге аудармайды немесе оларды аудару үшін кәсіпқой аудармашыны тартпайды.

10.5. Осы Шарт тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден алты данада жасалды, бұл ретте барлық даналардың бірдей заң күші бар.

10.6. Осы Шарт мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің күші бірдей. Шарттың ережелерін түрліше түсінуден туындайтын келіспеушіліктер болған жағдайда, Шарттың орысша мәтіні қолданылады.

### **Тараптардың заңды мекен-жайлары мен деректемелері:**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Эрнст энд Янг Қазақстан" ЖШС  
атынан атынан

\_\_\_\_\_ Е.Досаев \_\_\_\_\_ Ахмед Абу Шаркх  
Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Мекен-жайы: Қазақстан  
Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, Республикасы, Алматы қаласы,  
33/Абай даңғылы, 52 Фурманов көшесі, 240Г  
Есеп айырысу шоты:  
Қазақстан АБН АМРО Банкі  
Қазақстан Эрнст энд Янг үшін

Е.ш N 2467543 код 922